

"Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 933 қаулысына толықтыру енгізу және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін босалқы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 774 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 13-бабына және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2025 № 671 қаулысымен.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті "Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – ұлттық парк) жалпы ауданы 20,9 гектар жерлері Ақсай өзені бассейнінде сел ұстайтын бөгет салу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері санатынан Алматы облысы Қарасай ауданының босалқы жерлері санатына ауыстырылсын.

3. Алматы облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының 2-тармағында көрсетілген жер учаскесін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесіне беруді;
- 2) табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің босалқы жерлерге ауыстырылуына байланысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін және алынған сүректі ұлттық парктің теңгеріміне бере отырып, аланды тазарту жөніндегі шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 774 қаулысына
қосымша

Ақсай өзенінің бассейнінде сел ұстайтын бөгет салу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері санатынан Алматы облысы Қарасай ауданының босалқы жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Атауы	Жалпы ауданы, гектармен	Оның ішінде:								
орманды алқаптар	орманды алқаптардың жиыны	ормансыз алқаптардың жиыны	ормансыз алқаптардың жиыны							
орман көмкерген	оның ішінде	орманның жинақталмаған ағаштары	орман көмкермеген	жайылымдар	су	басқа алқаптар				
орман дақылдары										
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
"Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жерлері	20,9	1,6	-	-	2,26	3,86	7,6	-	9,44	17,04
Барлығы:	20,9	1,6	-	-	2,26	3,86	7,6	-	9,44	17,04